

# Тату үйге тақсірет жұымайды

**Ж**ер-жаһан-  
ды шар-  
пыған ін-  
деттен бүкіл әлем  
жүртшылығы  
алаң күй кешіп,  
халық саулы-  
ғы сынға түсуде.  
Әлемді жаулаған  
Covid-19 елімізді  
айналып отпеді.



Адамзатқа қауіп-қатер төндіріп тұрған жаман індет – коронавирус дертімен күресуде де халқымыз сабырлылық таныштып, мүмкіндігінше түрлі илікті істер атқаруда.

М. Эуезов атындағы ОҚМУ ұжымы да осындағы қыын-қыстау шақта Елбасымен біргеміз, халықпен біргеміз, індетті жеңу үшін барлық күш-жігерімізді жұмсаймыз деп мәлімдейміз. Жастарға патриоттық рухани тәрбие беруді басты мақсат қойған университет ұжымы – «турлі түсті революцияларға қарсы» жастардың бойында иммунитетті дамытып, елін, жерін, мемлекетін сүюге баулуды ең басты мақсаты санайды.

Өз кезегінде М.Эуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті де карантин кезінде негізгі мақсатын жүзеге асыруда. «ИС-ВУЗ» ақпараттық жүйесі,

«Zoom», «Прометей» сервисі, «Премиум» сервисі, «Прометей» жүйесін ақпараттық ресурстары арқылы ГУГЛ КЛАСС РУМ, КУРСЭРА онлайн платформалары тағы басқа оқытушының қашықтан білім беру технологиялары мен әдістерін қолдана отырып, оқытушы қамтамасыз етуде. Оку процесін үйимдастыру белгіленген оку жүктемесіне, оку жұмыс жоспарына, оку бағдарламаларына, сабак кестесіне сәйкес жүзеге асырылуда.

Елдеріне қайтпай білімін жалғастырып жатқан шетелдік 137 студентке жатақханада қашықтан білім алуға мүмкіндіктер жасалып, интернет және Wi-Fi жүйесімен қамтамасыз етілді. Барлық білім алушылармен қатар бұл студенттердің денсаулығы мен амандығы біздің назарымызда. Оларды

азық-түлікпен қамтамасыз етуге демеушілер де улес қосуда.

Оқумен қатар тәрбие жұмысы да қашықтан үйимдастырылып, #онлайнсабакОҚМУ, #Abai175 членендждерін Қазақстан жастарына жариялауда. Оқытушылар мен студенттерден құралған еріктілер тобы әлеуметтік мұқтаж топтағы балалар және қарттар үйлеріне арнап медициналық бетперделер тігіп берді. Оқытушы профессор құрамы мен қызметкерлер жалақыларынан қол үзбей карантинде онлайн жұмыс кестесіне көшірілді.

Елбасының індетті ауыздықтаудағы арманы мен мақсаты елімен еншілес екені даусыз. Осындағы сын сағаты кезінде үрейден аулақ болып, сенімді жоғалтпайық. Өз бастарын қауіпке тігіп, коронавируспен күрсеп жатқан дәрігерлер мен тәртіп сақшыларына еріктілерге өз алғысымды білдіремін.

«Тату үйге тақсірет жұымайды» дегендей, көпұлтты Отанымызда бұл мәселені тек бірлік арқылы еңсереріміз даусыз. Майқы би айтқандай «Береке түбі – бірлік, Бірлік түбі – тірлік, Женіс түбі – ерлік!». Ел болып бірігуден асқан бақыт жоқ! Мен тарихшымын. Ал қазақ этносы қоғамның әр кезінде мың өліп, мың тірілген халық. Жастар біздің расында да болашағымыз. Мен олардан елдің болашағын көремін және сенемін! Барлық сақтық шараларын қолдансақ, бұл індеттен де аман-есен өтеміз.

Дария  
КОЖАМЖАРОВА,  
М.Эуезов атындағы  
ОҚМУ ректоры